

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы «30» шілдедегі
№194 «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» аясында өткізілген іс-шаралар туралы
ақпарат

1қыркүйек Білім күні мерекесіне орай Момынай жалпы білім беретін мектебінде жаңа 2024 - 2025 оқу жылына арналған «Мектебім - мейірім мекені» тақырыбында "Алғашқы қоңырау" салтанатты жиыны өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/FUGfpKxhuugNsAxa/?mibextid=oFDknk>



2024-2025 оқу жылының алғашқы сабағы "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында «Менің Отаным-Қазақстан!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттарымен басталды.

Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту; Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата-бабаларымыздың өнгеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Мектебімізде дәстүр бойынша әр дүйсенбі мемлекеттік Әнұран айтумен басталады.

<https://www.facebook.com/share/p/Js2Nq96xhtJL3bSr/?mibextid=oFDknk>



«АБАЙЛАҢЫЗ, БАЛАЛАР!» республикалық акциясы аясында бастауыш сынып оқушылары арасында жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау мақсатында "Жол ережесін білейік, аман есен жүрейік" тақырыбында жолда жүру ережелері туралы іс-шара жүргізілді.

Мақсаты: жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерінің, бағдаршамның атқаратын қызметін үйрету және жол ережесіне қойылған талаптарды орындауға тәрбиелеу. Шара барысында видео роликтер көрсетіліп, оқушылардың қатысуымен түрлі мазмұнда көріністер көрсетілді. Сонымен қатар жол ережелеріне байланысты бейне сұрақтар, жағдаяттан шығу, әр түрлі жол белгілеріне берілген тапсырмалар орындалды.

<https://www.facebook.com/share/p/QZKXAb7i55rvqKui/?mibextid=oFDknk>



Момынай жалпы білім беретін мектебінде Қазақстан халқы тілдері мерекесі күніне орай ұйымдастырылған қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пән бірлестіктерінің «Мемлекеттік тіл-барлық халықты біріктіретін тіл» тақырыбында он күндіктің ашылу күні болды.

Мақсаты: Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, тіл білімінің негізін қалаған тұлғаларды дәріптеу, қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу.

<https://www.facebook.com/share/v/U4Vfrsu7XRpAL6Jk/?mibextid=oFDknk>



Төлеби ауданы білім бөліміне қарасты "Момынай жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Түркістан облысы Білім басқармасының 22.08.2024 жылғы N25/4775 хатында көрсетілген, Түркістан облысының білім басқармасы Қазақстан Республиканың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің 21.08.2024 жылғы N28-1-1/1915-И хатының негізінде ағымдағы жылдың 1-10 қыркүйек күндері білім беретін ұйымдарында жаппай бірыңғай "Адалдық сағатын" ұсынған болатын, осыған орай "Достық -татулықтан басталады " атты тренинг 5-11- сыныптар аралығында өткізді. Мақсаты: оқушылардың көңіл – күйін көтеру, бір – бірімен қарым – қатынасын нығайту.ҚББП И. Кунакова 9-сыныпқа "Саналы ұрпақ-жарқын болашақ" пікірсайыс ұйымдастырып өткізді. "Адалдық-ардың ісі" атты тәрбие сағатын 5-6-сынып жетекшілері оқушыларымен өткізді. 7-сынып жетекшілер "Адалдық атадан қалған мұра" атты тәрбие сағатын ұйымдастырып өтті. "Оян, ар мен адалдық" атты театрлық қойылым 9-10-сынып жетекшілері оқушылармен ұйымдастырып өткізді. "Жемқорлық-індет, жою міндет" тақырыпта 8-сынып жетекшісі тәрбие сағатын өткізді. "Адамгершілік болмай, әділдік болмас!" тақырыпта ҚББП И. Кунакова мен педагог ұйымдастырушы И. Тохтасова 11-сынып оқушыларымен ұйымдасып дөңгелек үстел өткізді. "Адал адам, адал еңбек, адал табыс" атты сурет байқауын 3-4-сынып жетекшілері ұйымдасып өткізді.Осы аталған адалдық сағатында сыбайлас жемқорлық туралы өте керекті және маңызды ақпарат берілді. Адалдық сағаты барысында оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың салдары неге әсер етуі мүмкін екенін туралы айтылды.

<https://www.facebook.com/share/p/M1B4HVNQp6ZkSPo8/?mibextid=oFDknk>



Отбасы – бақыт бесігі

Отбасы - мемлекеттің негізгі буыны. Тәрбие-отбасынан басталады. Болашақ ұрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-ананың ықпалымен қалыптасады. «Дәулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді. Тәрбие бесігі отбасынан бастау алады. Отбасының екі тірегі – әлпештеген әке мен аялаған ана болса, шуағы перзент.

18.09.2024ж күні «Момынай жалпы білім беретін мектеп»КММ «Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі» атты отбасы күнінің апталығы ұйымдастырылып өткізілді. Мен, сен, ол, бірге берік отбасымыз атты тренинг педагог психолог М. Мустапаева мен А.Нуранова ата-аналармен өткізді. Мақсаты: бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауға қызығушылықтарын дамыту; баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдауға ой салу.

<https://www.facebook.com/share/v/VctxrnfGPhMZqfmh/?mibextid=oFDknk>

Отбасы күніне орай Аға тәлімгер А.Артикбаева "Отбасы тәрбиенің алтын бесігі" тақырыбында 9-10 сыныптар аралығында челленджін ұйымдастырып өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/7omvaMPyqZ2Qi1Bu/?mibextid=oFDknk>

Момынай жалпы білім беретін мектебінде көркемсурет пәні мұғалімі Ғ. Тағаевтың отбасы күніне орай "Менің отбасым берік" тақырыпта сурет байқауын 2-4 сыныптың оқушылары және ата-аналарымен ұйымдастырып өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/4uh5o3PsHR9rbfv9/?mibextid=oFDknk>



Момынай жалпы білім беретін мектебінде Педагог ұйымдастырушы И. Тохтасова "Мен отбасымен бақыттымын" атты 2-9 сынып аралығында іс-шара өткізді. Мақсаты; оқушыларда отбасы мүшелеріне құрмет, ата-анаға деген сүйіспеншілік, отбасындағы өзара сыйластық қасиеттерін дамыту.

<https://www.facebook.com/share/p/5TjcjuSrMMtfqqn5/?mibextid=oFDknk>

Отбасы күніне орай Аға тәлімгер А.Артикбаева "Отбасы тәрбиенің алтын бесігі" тақырыбында 9-10 сыныптар аралығында челленджін ұйымдастырып өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/jАНqAZAMmXDfaEjq/?mibextid=oFDknk>

Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай "Қарттарым -асыл қазынам" атты ауыл қарттарына арналған іс-шараны 7 «А»,4 «Ә» -сынып жетекшілері ұйымдастырып өткізді. Мақсаты:Үлкенді сыйлау мен оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Қарттарға арналған мерекелік іс-шара өткізу барысында ән шырқалып, күй тартылып, оқушылар қарттарға арнап өлең жолдарын жатқа айтты.

<https://www.facebook.com/share/p/nadyFKQZVyQtvcGy/?mibextid=oFDknk>



"АТА -АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ" ЖОБАСЫ ЖАЛҒАСУДА

Ата-аналардың мектеппен тұрақты қарым-қатынасын қалыптастыру, мектеппен қарым-қатынастың тиімді модельдерін іздестіру, балалар өмірінде ата-аналардың рөлі туралы мағлұматтар бере отырып пікір алмасу, балалардың дүниетанымын, қабілетін, дарынын дамыта отырып білімді, салауатты ұрпақ тәрбиелеуде жанұяның рөлін дамыту, ата-ана баланың бас ұстазы екенін түсіндіру мақсатынла мектебімізле “Ата-аналарға педдагогикалык қоллау” жобасы аясынла

1-4 сынып оқушыларының ата-аналарына «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/LEBCYfehty5NirEZ/?mibextid=oFDknk>



Момынай жалпы білім беретін мектебі "Өзін-өзі басқару ұйымы" 5 қазан-Ұстаздар мерекесіне орай ДУБЛЕР КҮНІН өткізді!

<https://www.facebook.com/share/v/SBzS1tadNLz2FKwv/>

5 қазан Ұстаздар күніне орай "Мектептің жүрегі-Мұғалім" атты мерекелік кешті 9"Ә" сынып пен 3-сынып жетекшілері ұйымдастырып өткізді. Мақсаты: Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/hwqFxPhcXN5wBEDG/?mibextid=oFDknk>

